

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының
білім бөлімінің «Дәния» бөбекжай бақшасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорын**

«Айналайын» ересек топ



***1-Мамыр
Бірлік күні!***

**Тәрбиеші: Ж. Жұмағұлова
Ә. Жаназарова**

**Талапты ауылы
2023-2024 оқу жылы**

Тексерілді:

Әдіскер А Наденова

1-Мамыр Бірлік күні!

Міндеті: Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейту. Мерекелік көңіл күйлерін көтеріп, өздеріне ұнайтын шар, жалаушаның суретін салдыру. Ойын арқылы әр ұлттың киімдерін ажырата білуге үйрету. Әлеуметтік, шығармашылық, танымдық, коммуникативтік дағдылармен физикалық қасиеттерді дамыту

Балалардан қазақ халқының ұлттық киімдерін, тағамдары, ойындары туралы сұрай отырып, басқа да ұлт өкілдерінің өздеріне тән салт – дәстүрлері мен ұлттық тағамдары, киімдері мен ойындары болатындығы туралы ақпарат береді. - «Басқа ұлт өкілдері» дегенді қалай түсінесіңдер? - Сендер қандай ұлттың өкілдерін білесіңдер? - Сендердің достарыңның арасында басқа ұлттың балалары бар ма? - «Дос» сөзін қалай түсінесіңдер?

- Балалар біздің ұлтымыз қандай?

- Қазақ

- Біз қай тілде сөйлесеміз?

- Қазақ тілінде.

«Әнұран» орыналады

Қазақстан халқының өзінің қазақ тілі, ұлттық киіміміз, салт – дәстүріміз бар. Сол сияқты біздің Қазақстанда басқада ұлттар тұрады. Өзбек, орыс, қырғыз, татар және тағы басқа да ұлт өкілдері тұрады.

Сурет арқылы әр ұлттардың киімдерімен таныстыру.

Балалар, осы ұлттардың барлығы да Қазақстанда тұрады. Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Олар өз елдерінде болмаса да, Қазақтардың елін – елім деп, жерін – жерім деп, құрметтеп, үлкен үлгілі, бақытты, өнегелі отбасы болып өмір сүруде. Әлем халықтарының тату – тәтті бейбітшілікте, ынтымақтастықта өмір сүріп отырғаны біздің қазақ елінің арқасы және олар мұны түсініп, жақсы біледі. Сол себепті біздің елімізді қадір тұтып, құрметтейді. **Қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту**

«Жандандыру». «Достық шарлары» сурет салу.

Балалар, ертең біз мерекеге барғанда қолымызға не ұстап шығуға болады деп ойлайсыңдар?

- Шар, жалауша.

- Дұрыс айтасыңдар, біз мерекеге шар, жалаушалар ұстап шығуымыз керек. Олай болса осы мерекеге арналған шарымыз бен жалаушаларымыздың суретін салайықшы.

- Жалауша қандай пішінге ұқсайды?

- Тіктөртбұрышқа

- Түсі қандай болады?

- Көк болады.

- Ал шар қандай пішінге ұқсайды?

- Домалақ, сопақша.

- Түстері қандай болады?

- Қызыл, көк, жасыл, т. б

Жарайсыңдар балалар, жалаушамыздың түсі көк, пішіні тіктөртбұрышты, ал шарларымыздың түстері әр түрлі, пішіндері домалақ, сопақша болады екен. Қане алдарыңдағы қағазға өздеріңе ұнайтын шар мен жалаушаның суретін салайық. (Балалар өз қалаулары бойынша ұнайтын суреттерін салады) Салынып, аяқталған суретке «Достық шарлары» деп ат қойып, топ ішіне көрме ұйымдастыру. **Сурет салу, математика негіздері**

Мерекеге байланысты тақпақтар айту. **Көркем әдебиет**

Достық туымыз,

Достық әніміз.

Дос болайық бәріміз,

Жарасып тұр әніміз.

Достықты үлгі санаған,

Бір үйде біз тұрамыз.

Қалған ата-бабадан,

Бірлік асыл мұрамыз.

Бұзылмасын сәніміз,

Барлық ұлттар бірлесіп.

Қазақстан жерінде,

Жасасын той мереке.

Бейбітшілік ұраны,

Жарқыраған алтын күн.

Ән қанатты қыраны

Еркіндігі халқымның.

«Достар алаңы» Қимылды ойыны

Әр жерге түрлі-түсті шығыршық (обруч) қоямын. Балалар қолдарына шар ұстап көңілді музыка әуенімен билейді. Әуен тоқтаған кезде балалар шардың түсіне қарай шығыршықты тауып, «дастар алаңына» бес баладан бірігеді. Алаңға кіріп үлгермеген бала доссыз қалады. Ойыны 2-3 рет қайталауға болады.

Қағаздан пазл құрастыру, ұлт өкілдерін атау. **Құрастыру**

«Достық қатары» ойыны.

Шарты: Арқанның үстінен жүріп достарының атын атап «Достық қатарына» тұрады.

Балалар достарының атын атап, көпірден өтеді. **Дене шынықтыру**

Ән: «Менің досым» **Музыка**

